

2008 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 Қаулысы (үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың :
265 , 266 , 267 , 268 , 269 , 270 , 271 , 272 , 273 , 274 , 275 , 276 , 277 , 278 , 279 , 280 , 281 , 282 , 283 , 284 , 285 , 286 , 287 , 288 , 289-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2008 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына

265-ҚОСЫМША

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 1733419 мың теңге (бір миллиард жеті жүз отыз үш миллион терт жүз он тоғыз мың теңге) .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы ; "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңы ; "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; "Салауатты өмір

салты" кешенді бағдарламасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 маусымдағы N 905 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1117 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1124 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1125 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің медициналық қызмет көрсету саласындағы бақылау комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 1327 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 22 қыркүйектегі N 899 қаулысы , Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 қазандағы N 944 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : денсаулық сақтауды дамытудың мемлекеттік саясатын қалыптастыруды қамтамасыз ету және оны іске асыру; денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру; жүктелген функциялардың неғұрлым тиімді орындалуына қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен оның аумақтық бөлімшелерінің орталық аппаратының қызметін қамтамасыз ету; халықты қауіпсіз, қолжетімді, сапалы медициналық әрі дәрілік көмекпен және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығымен қамтамасыз ету; салауатты өмір салтын насихаттау; бәсекелестік ортаны дамыту, мемлекеттік медицинаны монополиясыздандыру; жедел және стратегиялық шешімдерді қабылдаудың сапасын жақсарту мақсатында ақпараттық ішкі жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің материалдық-техникалық базасын нығайту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен оның аумақтық бөлімшелерінің аппараттарын ұстау; қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің кәсіби білімі мен дағдыларын жаңарту және тереңдету; денсаулық сақтауды басқару жүйесін жетілдіру; медициналық қызметтер көрсетудің сапасын бақылау; денсаулық сақтау субъектілерін аккредиттеу; тәуелсіз сараптама институтын дамыту; біліктілік санатын беру жүйесін, біліктілік құзыреттілікке аттестаттау жүйесін жетілдіру; қолданыстағы заңнамаға сәйкес лицензиялауды жүргізу; дәрілік заттар мен фармацевтикалық қызметтер көрсетудің сапасын, тиімділігі мен қауіпсіздігін арттыру; көлікте

бақылаудағы объектілерді мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау қамтамасыз ету, шекараны жұқпалы және паразиттік аурулардың әкелінуі мен таралуынан санитарлық қорғау; азаматтардың өтініштерін қарау; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйесін сүйемелдеу, Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау жүйесінің есептеу техникасын, жергілікті есептеу желілерінің жүйелі әрі техникалық күтімін қамтамасыз ету, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропа өңірлік бюросымен басқа да халықаралық ұйымдармен ақпараттық байланысты және ақпаратпен алмасуды қолдау; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен оның аумақтық бөлімшелерін негізгі құралдармен қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

N п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	001		Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету			
2		001	Орталық органның аппараты	Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды қамтамасыз ететін функцияларды жүзеге асыру. Нормативтік құқықтық актілерді, денсаулық сақтауды басқару жүйесін жетілдіру жөнінде әдістемелер мен зерттеулер әзірлеу Республикалық деңгейде халыққа салауатты өмір салтын уағыздайтын іс-шаралар өткізу	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
3		002	Аумақтық органдардың аппараттары	Бекітілген штат саны лимитінің шегінде Қазақстан	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы

				<p>Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің фармацевтикалық бақылау, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау, медициналық қызмет көрсету саласындағы бақылау комитеттерінің аумақтық органдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету, қызметтік автомашиналар мен арнайы автокөлікті күтіп-ұстау. Медициналық қызметті тәуелсіз сараптауды жүргізу. 2008 жылы сатып алынатынды есепке ала отырып, ұйымдастыру техникасын күтіп-ұстау.</p>		Денсаулық сақтау министрлігі
4	007	Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру	<p>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің, оның ведомстволық және олардың аумақтық бөлімшелерінің мемлекеттік қызметшілерінің денсаулық сақтау саласындағы басқаруды жетілдіру мәселелері бойынша біліктілігін арттыру. Мемлекеттік және ағылшын тілдеріне оқыту. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның және оның ведомстволарының мамандарын Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісін реформалау</p>	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау	

				мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекет- тік бағдарламасы шеңберінде шетелде оқыту.		министр- лігі
5		008	Мемлекет- тік органдар- дың ғимарат- тарын, үй- жайлары мен құрылыста- рын күрделі жөндеу	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық қызмет көрсету саласындағы бақылау комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің ғимаратын күрделі жөндеуге жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу мен мемлекеттік ведомстводан тыс сараптама жүргізу қызметтеріне ақы төлеу.	Жыл бойы	Қазақстан Республи- касы Денсаулық сақтау министр- лігі Медицина- лық қызмет көрсету саласын- дағы бақылау комитеті- нің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департа- менті
6		009	Мемлекеттік органдарды материалдық -техникалық жарактан- дыру	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен оның аумақтық органдарын материалдық-техни- калық жарактандыру.	Жыл бойы	Қазақстан Республи- касы Денсаулық сақтау министрлі- гі, Қазақстан Республи- касы Денсаулық сақтау министр- лігі Мемлекет- тік Санитарлық -эпидеми- ологиялық қадағалау комитеті- нің Солтүстік- Батыс өңірлік әуе жол көлігін-

д е г і
Мемлекет-
т і к
Санитарлық
-эпидеми-
ологиялық
қадағалау,
көліктегі
б а с
Мемлекет-
т і к
Санитарлық
-эпидеми-
ологиялық
қадағалау
және Батыс
өңірлік
теміржол
көлігін-
д е г і
Мемлекет-
т і к
Санитарлық
-эпидеми-
ологиялық
қадағалау
басқарма-
лар ы ,
Қазақстан
Республи-
к а с ы
Денсаулық
сақтау
министр-
л і г і
Фармацев-
тикалық
бақылау
комитеті-
н і ң
Ақмола,
Қарағанды,
Қостанай,
Солтүстік
Қазақстан,
Оңтүстік
Қазақстан,
Павлодар
облыстары
ж ә н е
Астана
қаласы
бойынша
фармацев-

						тикалық бақылау басқармалары.
7	017	<p>Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету</p>	<p>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі үшін есептеуіш, ұйымдастыру және телекоммуникациялық техника құралдарын, лицензияланған бағдарламалар өнімдерін, шығын және жинақтау материалдарын сатып алу. Денсаулық сақтау жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелер, веб-сайт, веб-портал мен бағдарламалық өнімдер кешенін сүйемелдеу жөніндегі қызметтерге ақы төлеу. Есептеуіш техника құралдары мен желілердің жүйелік-техникалық және әкімшілендіру қызмет көрсетуіне ақы төлеу. Телекоммуникациялық қызметтерге ақы төлеу. Аумақтың органдар үшін есептеуіш, ұйымдастыру және телекоммуникациялық техника құралдарын, лицензияланған бағдарламалар өнімдерін шығын және жинақтау материалдарын сатып алу.</p>	Жыл бойы	Жыл бойы	<p>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі</p> <p>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармацевтикалық бақылау, Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау,</p>

						медицина- лық қызмет көрсету саласын- дағы бақылау комитет- терінің аумақтық органдары
--	--	--	--	--	--	---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Тікелей нәтиже: бекітілген штат саны лимиті шегінде орталық аппарат пен оның аумақтық органдарын ұстау; мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру; мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық міндеттерін орындау үшін кәсіби білімдері мен дағдыларын тереңдету; бақылау объектілерінің санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен ережелерге, гигиеналық нормативтерге сәйкес келуін бақылау; лицензиялау жүйесін жетілдіру; медициналық көмектің сапасын дәлелді түрде жақсарту; дәрілік заттар мен көрсетілетін фармацевтикалық қызметтердің сапасының, тиімділігі мен қауіпсіздігін арттыру; денсаулық сақтау жүйесінің тұтынушылардың қалауына сәйкестігін арттыру; деректерді жинаудың, жедел тапсырмаларды өндеудің орташа уақытын және талдау анықтамаларын берудің мерзімдерін қысқарту; облыстардан статистикалық есептерді қабылдаудың мерзімін азайту (жылдық есеп - 18 күнге дейін, тоқсандық - 3 күнге дейін); ел ішінде орта есеппен 90 қызметшінің біліктілігін арттыру; орта есеппен 51 қызметшіні ағылшын тіліне оқыту; орта есеппен 105 қызметшіні мемлекеттік тілге оқыту; дәрілік заттар айналымы саласындағы мемлекеттік органның қызметшілерін орта есеппен 20 адамын және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның орта есеппен 35 адамын шетелде оқыту; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық қызмет көрсету саласындағы бақылау комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің ғимаратын күрделі жөндеуге мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттама; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігін негізгі құралдармен, шығыс материалдарымен және басқа да жабдықтармен жарақтандыру, аппараттық жүйелерді сүйемелдеу және техникалық жағынан қамтамасыз ету; фармацевтикалық бақылау, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау, медициналық қызмет көрсету саласындағы бақылау комитеттерінің аумақтық органдарын есептеуіш, ұйымдастыру және телекоммуникациялық техникамен, лицензияланған бағдарламалық өнімдерімен, шығыс және құрамдауыш материалдармен жарақтандыру.

Түпкілікті нәтиже: оларға жүктелген функцияларының орындалуы үшін денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік орган мен оның аумақтық органдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: орталық аппараттың бір мемлекеттік

қызметшісін ұстауға жұмсалатын орташа шығын - 1396,3 мың теңге; денсаулық сақтауды басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі бір іс-шараны орындауға жұмсалатын орташа шығын - 2294,772 мың теңге;

салауатты өмір салтын насихаттау жөніндегі бір іс-шараны орындауға жұмсалатын орташа шығын - 135,26 мың теңге;

аумақтық органның бір мемлекеттік қызметшісін ұстауға жылына жұмсалатын орташа шығын - 1018,5 мың теңге;

бір қызметшінің біліктілігін ел ішінде арттыруға ұстауға жұмсалатын орташа шығын - 22,144 мың теңге;

дәрілік заттар айналымы саласындағы мемлекеттік орган бір қызметшісінің біліктілігін шетелде арттыруға жұмсалатын орташа шығын - 861,55 мың теңге;

денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бір қызметшісінің біліктілігін шетелде арттыруға жұмсалатын орташа шығын - 2129,514 мың теңге;

бір қызметшіні ағылшын тіліне оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар - 37,657 мың теңге;

бір қызметшіні мемлекеттік тілге оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар - 37,271 мың теңге;

Уақыттылығы: жоспарланған іс-шараларды белгіленген мерзімдерде орындау.

Сапасы: денсаулық сақтау жүйесін басқару деңгейін арттыру; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен оның аумақтық органдарына жүктелген функциялардың сапалы және уақтылы орындалуы.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.26 N 498 , 2008.06.13 N 581 , 2008.11.12. N 581д Қаулыларымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
266-ҚОСЫМША

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімді мамандар даярлау" деген
003 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны:** 6819850 мың теңге (алты миллиард сегіз жүз он тоғыз миллион сегіз жүз елу мың теңге) .

Ескерту. 1-тармақ жана редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі заңының 26-бабы ; "Денсаулық

сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңының 7, 48-баптары ; "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 маусымдағы Заңының 6-бабы ; "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 3, 8, 35, 36, 56, 62 және 64-баптары ; "Жекелеген мемлекеттік жоғары оқу орындарына ерекше мәртебе беру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 5 шілдедегі N 648 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; "Мемлекеттік білім беру гранты туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 қарашадағы N 1781 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 1050 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының медициналық және фармацевтикалық білім беру ісін реформалау тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 24 сәуірдегі N 317 қаулысы ; "Мемлекеттік органдардың азаматтардың әскери қызметке дайындығын ұйымдастыру және қамтамасыз ету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 24 мамырдағы N 449 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : денсаулық сақтау саласын жоғары медициналық және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді мамандармен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : денсаулық сақтау саласының білікті кадрларын даярлауды қамтамасыз ету, жоғары оқу орындарының студенттерін медициналық мамандықтар бойынша запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлауды қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N р/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	003		Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімі бар мамандар даярлау			

2	100	Мемлекеттік білім беру гранты бойынша мамандар даярлау	<p>Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес жоғары білім беру бағдарламалары бойынша студенттер мен интерндерді даярлау.</p> <p>Оқу процесін ұйымдастыру үшін материалдық-техникалық жағдай жасау.</p> <p>С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің оқытушы-профессорлар құрамы мен басшы қызметкерлерінің белгіленген қызмет ақыларын 1,75-ке көбейтетін коэффициентін төлеуге байланысты шығыстарды субсидиялау.</p> <p>Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша студенттер мен интерндердің орташа жылдық контингенті 15916.</p>	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
3	101	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жоғары оқу органдарының әскери кафедраларында запастағы офицерлер даярлау	<p>Медициналық ЖОО-лардағы оқу жоспарына сәйкес запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша студенттерді әскери даярлауды жүзеге асыру. Запастағы офицерлердің орташа жылдық контингенті 1442.</p>	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
4	102	Жоғары оқу орындарының студенттерін стипендиямен	<p>Мемлекеттік медициналық білім беру ұйымдарында білім алатын жекелеген</p>	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау

		қамтамасыз ету	санаттарға мемлекеттік стипендиялар тағайындау және төлеу тәртібі туралы ережеге және Қазақстан Республикасы Президенті белгілеген стипендияларды тағайындау ережесіне сәйкес студенттер мен интерндерге мемлекеттік стипендия төлеу арқылы оларды жоғары білім алуы кезінде әлеуметтік қолдау. Студенттер мен интерндердің орташа жылдық контингентіне мемлекеттік стипендия төлеу - 12872.		министрлігі
5	103	Ғылыми кадрлар даярлау	Ғылыми кадрлардың медицинаның өзекті мәселелері жөніндегі жеке ғылыми зерттеулерін әзірлеуі және оларды жоғары оқу орындарында және ғылыми ұйымдарда докторлық, кандидаттық және магистрлік диссертациялар түрінде ресімдеу, ғылыми зерттеулердің әдіснамасын меңгеру, жоғары оқу орындарында және ғылыми ұйымдарда тереңдетілген медициналық білім алу, ғылыми кадрларды даярлау процесін қамтамасыз ету. Орташа жылдық с а н ы : докторанттар - 91, PhD докторанттар - 3, аспиранттар - 178, клиникалық ординаторлар - 165, резидентура тыңдаушылары - 53 және денсаулық сақтау магистранттары - 116.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

6	104	Ғылыми кадрларды стипендиямен қамтамасыз ету	Мемлекеттік медициналық білім беру ұйымдарында білім алатын жекелеген санаттарға мемлекеттік стипендиялар тағайындау және төлеу тәртібі туралы ережеге сәйкес мемлекеттік стипендия төлеу арқылы денсаулық сақтау саласының 91 докторантының, 3 PhD докторантының, 178 аспирантының, 165 клиникалық ординаторының, 53 резидентура тыңдаушысы және 116 магистрантының орташа жылдық контингентін әлеуметтік қолдау.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
7	105	Мемлекеттік жоғары оқу орындарын күрделі жөндеу	Мемлекеттік сараптамадан өткен жобалық-сметалық құжаттамаға және қорытындыға сәйкес С.Ж.Аспендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне (2006 жылғы 5 мамырдағы N 7-207-1/06 мемлекеттік сараптамасының қорытындысы), Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина академиясына (2007 жылғы 23 қаңтардағы N 18-13/2007 мемлекеттік сараптамасының қорытындысы), Семей мемлекеттік медицина академиясына	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау

				<p>(мемлекеттік сараптаманың 2006 жылғы 14 сәуірдегі N 22-171/06, 2006 жылғы 14 сәуірдегі N 22-175/06 және 2008 жылғы 4 тамыздағы N 22-261/08 қорытындылары), Қарағанды мемлекеттік медицина академиясына (мемлекеттік сараптаманың 2007 жылғы 7 ақпандағы N 12-20/07 және 2008 жылғы 18 маусымдағы N 12-242/08 қорытындылары), Қазақ мемлекеттік медицина академиясына (2007 жылғы 22 қаңтардағы N 23 - 25 / 07 мемлекеттік сараптамасының қорытындысы), Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина академиясына (2006 жылғы 14 сәуірдегі N 6 - 188 / 06 мемлекеттік сараптамасының қорытындысы) ғимараттары мен құрылыстарын күрделі жөндеуге күрделі трансферттер аудару арқылы оқытудың сапасын көтеру үшін жағдай жасау мақсатында мемлекеттік медициналық жоғары оқу орындары ғимараттарының техникалық жағдайын жақсарту.</p>		министрлігі
8	106	Студенттердің жоғары оқу орындарында оқуды аяқтауы	1999 жылға дейін мемлекеттік тапсырыс бойынша жоғары оқу орнына түскен студенттер мен интерндерді Мемлекеттік жалпыға міндетті	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау	

			білім беру стандарттарына сәйкес даярлау. Оқу процесі үшін материалдық-техникалық жағдай жасау. 1999 жылға дейін мемлекеттік тапсырыс бойынша жоғары оқу орнына түскен студенттер мен интерндердің орташа жылдық контингенті - 1.		министр-лігі
9	107	Жоғары оқу орындарында оқу аяқтайтын студенттерді стипендиямен қамтамасыз ету	Мемлекеттік медициналық білім беру ұйымдарында білім алатын жекелеген санаттарға мемлекеттік стипендиялар тағайындау және төлеу тәртібі туралы ережеге сәйкес 1999 жылға дейін мемлекеттік тапсырыс бойынша жоғары оқу орнына түскен студенттер мен интерндерге мемлекеттік стипендия төлеу арқылы студенттер мен интерндерді олардың жоғары білім алуы кезінде әлеуметтік қолдау. 1999 жылға дейін мемлекеттік тапсырыс бойынша жоғары оқу орнына түскен студенттер мен интерндердің орташа жылдық санына мемлекеттік стипендия төлеу - 1.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министр-лігі
10	108	Кәсіптік жоғары оқу орындарында мемлекеттік білім беру	Жоғары оқу орындарына мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша	1, 2 тоқсан	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау

		тапсырысы бойынша оқып жатқандар арасынан жастардың жол жүруіне өтемақы төлеу	оқитындардың жазғы және қысқы каникулдар кезінде жылдың басында (бітірмей тұрғанда 13192, бітіретіндерге 1434) студенттердің контингентіне жолақысына ақшалай өтемақы төлеу үшін берілетін трансферттерді аудару арқылы азаматтарды жоғары кәсіптік білім алуы кезінде әлеуметтік қолдау.		министрлігі
11	109	Мемлекеттік медициналық жоғары оқу орындарының жанынан оқу-клиникалық орталықтар құру	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығымен бекітілетін Тізбеге сәйкес С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина академиясына, Семей мемлекеттік медицина академиясына, Қарағанды мемлекеттік медицина академиясына, Қазақ мемлекеттік медицина академиясына, Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина академиясына капиталды трансферттерді аудару арқылы қазіргі заманғы лабораториялық және медициналық	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау

			жабдықтармен жарақтандыру.	қайта		министр- лігі
--	--	--	-------------------------------	-------	--	------------------

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 , 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Тікелей нәтиже: студенттерді мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға қабылдау - 4500; медициналық жоғары оқу орындарының әскери кафедраларына запастағы офицерлерді қабылдау - 600; PhD докторанттар - 10, резидентура тыңдаушылары - 158, магистранттар - 70 ;

1-курс студенттерін стипендиямен қамтамасыз ету (жаңа қабылдау) - 100 пайыз, оқуды жалғастырушыларды орта есеппен - 79 пайыз және интерндерді - 90 пайыз; магистранттар, клиникалық ординаторлар, резидентура тыңдаушылары, аспиранттар, PhD докторанттар мен докторанттарды - 100 пайыз.

Түпкілікті нәтиже: денсаулық сақтау ұйымдарын білікті кадрлармен қамтамасыз ету

Қаржылық-экономикалық нәтиже: мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын 1 білім алушыны даярлауға жұмсалатын орташа шығыс - жылына 263 мың теңге; запастағы офицерді даярлауға - жылына 25,4 мың теңге; докторантты даярлауға - жылына 64,3 мың теңге; PhD докторанттар даярлауға - жылына 700,0 мың теңге; аспирантты даярлауға - жылына 123,7 мың теңге; клиникалық ординаторды даярлауға - жылына 153,2 мың теңге; резидентура тыңдаушысын даярлауға - жылына 153,2 мың теңге; магистрантты даярлауға - жылына 333,8 мың теңге.

Айлық стипендия мөлшері: бір студент: 1 қаңтардан бастап - 6434 теңге, 1 қыркүйектен бастап - 7500 теңге; бір интерн: 1 қаңтардан бастап - 11652 теңге, 1 қыркүйектен бастап - 13586 теңге; Президенттік - 12868 теңге; атаулы - 9329 теңге; докторант - 29359 теңге; PhD докторант - 29359 теңге; аспирант - 23000 теңге; клиникалық ординатор - 22041 теңге; резидентура тыңдаушысын - 22041 теңге және магистрант - 22041 теңге.

Мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитын 1 білім алушының қысқы және жазғы каникулдар кезінде жол жүруіне ақшалай өтемақы төлеу 4 АЕК.

Мемлекеттік жоғары медициналық білім беру ұйымдарын күрделі жөндеу.

Уақтылылығы: жоғары медициналық және фармацевтикалық білімді денсаулық сақтау саласының білікті мамандарының күтілетін бітірушілер саны кемінде 1434 адам, запастағы офицерлер кемінде 579, ғылыми кадрлар мен жоғары білімнен кейінгі медицина білімі бар мамандар кемінде 217 адам, оның ішінде докторанттар кемінде 30, аспиранттар кемінде 62, клиникалық ординаторлар кемінде 90, магистранттар кемінде

2 8

Сапасы: ЖОО-ны үздік бітірген жоғары білімді бітірушілердің күтілетін үлесі бітірушілердің жалпы санының 15 пайызы.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 , өзгерту енгізілді - 2008.11.12. N 581д Қаулыларымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
267-ҚОСЫМША

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Облыстық бюджеттерге, Астана қаласының бюджетіне денсаулық сақтау объектілерін салуға және реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері" деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 43761475 мың теңге (қырық үш миллиард жеті жүз алпыс бір миллион төрт жүз жетпіс бес мың теңге).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы" 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2003 жылғы 10 шілдедегі N 1149 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының денсаулығын сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында халықты туберкулезден қорғаудың кезек күттірмейтін шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 4 қыркүйектегі N 839 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 1050 қаулысы ; "Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік негізінде 100 мектеп пен 100 аурухана салу" жобасын іске асырудың 2007-2010 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 26 наурыздағы N 67-ө өкімі .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : халықтың медициналық қызмет көрсетуге қолжетімдігін қамтамасыз ету .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : денсаулық сақтау объектілерін салуға және қайта жаңарту үшін жергілікті бюджеттерді қаржылай қолдау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N р/ с	Бағ- дар- лама коды	Кіші бағ- дар- лама коды	Бағдарла- маның (кіші бағ- дарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	І с к е а с ы р у мерзімі	Ж а у а п т ы о р ы н д а у - ш ы л а р
1	2	3	4	5	6	7
1	005		Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне денсаулық сақтау объектілерін салуға және реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері	"2008 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1223 қаулысының 3-қосымшасына сәйкес сома шегінде тізбе бойынша облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне типтік денсаулық сақтау жобаларының тізбесіне кірмеген объектілер бойынша жобалау-сметалық құжаттаманың ведомстводан тыс мемлекеттік сараптамасын әзірлеп жасауға, типтік денсаулық сақтау жобаларын және ведомстводан тыс мемлекеттік сараптамасын жасай отырып, қайта қолдану жобаларын сол жерге байланыстыруға; денсаулық сақтау объектілерін салу және қайта жаңарту	Қ а н т а р - ж е л - т о қ с а н	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

			<p>бойынша (оның ішінде "Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік негізінде 100 мектеп пен 100 аурухана салу" жобасының шеңберінде нысаналы даму трансферттерін аудару). Типтік денсаулық сақтау объектілерінің тізбесіне кірмеген объектілер бойынша жобалау-сметалық құжаттаманың ведомстводан тыс мемлекеттік сараптамасын әзірлеп жасау, типтік денсаулық сақтау жобаларын және ведомстводан тыс мемлекеттік сараптамасын жасай отырып, қайта қолдану жобаларын сол жерге байланыстыру. Денсаулық сақтау объектілерін (оның ішінде "Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік негізінде 100 мектеп пен 100 аурухана салу" жобасының шеңберінде).</p>	<p>Қ а ң т а р - ж е л - т о қ с а н</p>	<p>Облыстар- дың, А с т а н а ж әне А л м а т ы қ а л а л а - р ы н ы ң әкімдері</p>
--	--	--	---	--	--

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.15 N 342 Қаулысымен.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Тікелей нәтиже: пайдалануға берілген денсаулық сақтау объектілерінің саны.

Түпкілікті нәтиже: халыққа медициналық көмектің қолжетімдігін қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтау объектілерін пайдалануға беру.

Уақтылылығы: Типтік денсаулық сақтау объектілерінің тізбесіне кірмеген объектілер бойынша жобалау-сметалық құжаттаманың ведомстводан тыс мемлекеттік сараптамасын әзірлеу, типтік денсаулық сақтау жобаларын және ведомстводан тыс

мемлекеттік сараптамасын жасай отырып, қайта қолдану жобаларын сол жерге байланыстыру; қызмет көрсетушілермен жасалған шарттарға сәйкес денсаулық сақтау объектілерін салу мен қайта жаңарту (оның ішінде "Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік негізінде 100 мектеп пен 100 аурухана салу" жобасының шеңберінде) жөніндегі жұмыстардың көлемін орындау.

Сапа: республикада нәресте және ана өлім-жітімін, туберкулез ауруын азайту қамтамасыз етілетін болады, бастапқы медициналық-санитарлық көмекті жақсарту қамтамасыз етілетін болады.

* Е с к е р т п е

*) "2008 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1223 қаулысының 3-қосымшасына сәйкес инвестициялық жобалардың тізбесі, сондай-ақ заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес іс-шаралар, трансферттерді игеру шеңберінде күтілетін нәтижелерді сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштер жергілікті бюджеттік бағдарламалардың паспорттарында көрсетіледі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
268-ҚОСЫМША

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы"

деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 2446695 мың теңге (екі миллиард төрт жүз қырық алты миллион алты жүз тоқсан бес мың теңге) .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "АИТВ инфекциясының және ЖҚТБ ауруының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 5 қазандағы Заңы ; "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 желтоқсандағы Заңы ; "Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 7 , 19, 24-баптары ; "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезекті шаралар туралы" Қазақстан

Республикасы Президентінің 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы; "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 ақпандағы N 126 қаулысы ; "Қазақстан Республикасында ЖҚТБ індетіне қарсы іс-әрекеті жөніндегі 2006-2010 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1 2 1 6 қ а у л ы с ы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қ а м т а м а с ы з е т у .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : халықтың жұқпалы, паразиттік және кәсіби, соның ішінде аса қауіпті жұқпалы аурулары пайда болуының, таралуының алдын алу және азайту; шекараны жұқпалы және аса қауіпті аурулардың әкелінуі мен таралуынан қорғау; АИТВ инфекциясының алдын алу және оның таралу қарқынын б ә с е н д е т у .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N р/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	006		Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы			
2		100	Эпидемиялардың алдын алу	Табиғи ошақтар мен басқа да эндемиялық өңірлерде індетке қарсы және алдын алу іс-шараларын жүргізу. Індетке қарсы және алдын алу іс-шараларын жүргізуге жіберілген медициналық және басқа да қызметкерлердің іссапар шығыстарына ақы төлеу. Алдын	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау

				алу және індетке қарсы іс-шараларды жүргізу үшін дезинфекциялаушы құралдарды сатып алу және аса қауіпті және басқа да жұқпалы аурулардың ошақтарына жеткізу.		министрлігі
3		101	Атырау, Арал теңізі, Ақтөбе, Орал, Талдықорған, Маңғыстау, Шымкент, Қызылорда, Жамбыл, Шалқар тырысқаққа қарсы станциялары	Карантиндік және басқа да аса қауіпті жұқпалы ауруларды оқшаулау, таралуының алдын алу жөніндегі індетке қарсы және алдын алу іс-шараларын жүргізу. Бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға және мемлекеттік сараптама қорытындыларына сәйкес Ақтөбе, Атырау, Қызылорда, Орал, Шымкент, Маңғыстау обаға қарсы күрес станцияларын күрделі жөндеу. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілетін тізбеге сәйкес медициналық (диагностикалық және зертханалық) және медициналық емес жабдық, автокөлік сатып алу.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің Атырау, Арал теңізі, Ақтөбе, Орал, Талдықорған, Маңғыстау, Шымкент, Қызылорда, Жамбыл, Шалқар обаға қарсы күрес станциялары
4		102	Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станциясы	Санитарлық-эпидемиологиялық және элеуметтік-гигиеналық мониторингті жүзеге асыру, Қазақстан Республикасының санитарлық-эпидемиологиялық	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің Республикалық

				<p>қызметінің мекемелеріне ұйымдастыру-әдіс-темелік көмек көрсету. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілетін Тізбеге сәйкес медициналық (диагностикалық және зертханалық) және медициналық емес жабдық сатып алу</p>		санитарлық-эпидемиологиялық станциясы
5		103	<p>Көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптама-ның өңірлік орталықтары</p>	<p>Эпидемиялық мәні бар объектілердің санитарлық-гигиеналық жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шараларды, көліктегі бағынысты объектілердің санитарлық-эпидемиологиялық сараптамаларын жүргізу. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілетін Тізбеге сәйкес медициналық (диагностикалық және зертханалық) және медициналық емес жабдық сатып алу.</p>	Жыл бойы	<p>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің Оңтүстік-Шығыс өңірлік әуе көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығы; Оңтүстік өңірлік жол көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығы; Жол көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық бас орталығы; Батыс өңірлік теміржол көлігін-</p>

					дегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығы; Солтүстік-Батыс әуе көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығы	
6		104	СПИД-тың алдын алу және оған қарсы күрес жүргізу жөніндегі республикалық орталық	АИТВ инфекциясын эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыру. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілетін Тізбеге сәйкес медициналық (диагностикалық және зертханалық) және медициналық немесе жабдық сатып алу.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі республикалық орталығы

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Тікелей нәтиже: індетке қарсы және алдын алу іс-шараларын ұйымдастыру мен жүргізу үшін табиғи ошақтар мен басқа да эндемиялық өңірлерге кемінде 65 баруды жүзеге асыру, аса қауіпті жұқпалы аурулар ошақтарында індетке қарсы және алдын алу іс-шараларын өткізу, обаға қарсы күрес станцияларын аса қауіпті және басқа да жұқпалы аурулардың ошақтарында алдын алу және індетке қарсы іс-шараларды өткізуге арналған дезинфекциялық құралдармен қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығымен бекітілетін Тізбеге сәйкес медициналық (диагностикалық және зертханалық) және медициналық емес жабдықтардың, автокөліктің кемінде 869 бірлігін, соның ішінде обаға қарсы күрес станциялар үшін кемінде 608 бірлігін, Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станция үшін жабдықтың кемінде 50 бірлігін, көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталықтары үшін кемінде 203 бірлігін, ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі республикалық орталық үшін кемінде 8 бірлігін сатып алу, Ақтөбе, Атырау, Қызылорда, Орал, Шымкент, Маңғыстау обаға қарсы күрес станцияларына күрделі ж ө н д е у д і ж ү р г і з у .

Түпкі нәтиже: тіршілік ету ортасының адамға зиянды әсер ету факторларын жоюға немесе азайтуға бағытталған індетке қарсы және алдын алу іс-шаралар кешенін аяқтау, жұқпалы, паразиттік аурулардың, жаппай уланулардың пайда болуын және таралуын б о л д ы р м а у .

Қаржылық-экономикалық нәтиже: сатып алынатын дезинфекциялық препарат бірлігінің орташа құны 1135 теңге, медициналық (диагностикалық және зертханалық) және медициналық емес жабдықтар, автокөлік бірлігінің орташа құны 381,8 мың теңге.

Уақтылығы: бекітілген жұмыс жоспарларына сәйкес санитарлық - індетке қарсы (алдын алу) іс-шараларын орындау; жабдықты жеткізуге жасалған шарттарға сәйкес.

Сапасы: халықтың жұқпалы, паразиттік және кәсіби ауруларын азайту есебінен елдегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту; індеттік мәні бар көліктегі объектілердің санитарлық-гигиеналық жай-күйін жақсарту; халықтың АИТВ/ЖҚТБ туралы хабардар болу деңгейін арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2007 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1224 қаулысына

269-ҚОСЫМША

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Республикалық денсаулық сақтау ұйымдары үшін қанды, оның компоненттерін және препараттарын өндіру"

деген 007 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 472019 мың теңге (төрт жүз жетпіс екі миллион он тоғыз мың теңге).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.

